

**Қайрат ҒАБИТХАНҰЛЫ**  
(Алматы)

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ҚЫТАЙДА  
ЗЕРТТЕЛУІ**

*Статья посвящена исследованию древнетюркских памятников учеными КНР, даются ранее не известные исторические сведения, а также намечаются дальнейшие перспективы изучения древнетюркских памятников.*

*Makalede Çin Halk Cumhuriyeti'ndeki Eski Türk yazıtlarını araştırma, yeni ortaya çıkan tarihi belgeler ve yazıları gelecekte araştırma meseleleri ele alınmaktadır.*

Ежелгі ғұн, үйсін, қаңлы т.б. көшпелілер құрған мемлекеттер мен сол тұстағы қытай мемлекеті арасындағы байланыстар, кейін құрылған түркі қағанаты, олардың Сүй, Таң т.б. патшалықтарымен қарым-қатынасы және одан кейінгі дәуірдегі оқиғалар қытайлар мен түркілер тарихының өзара тығыз байланысты екенін көрсетті. Сондай-ақ, Қытай қорғанының солтүстігі мен батысындағы сайын дала ежелгі түркі текті халықтардың қоныс-мекені болып келгені және бүгінде сол түркілердің тікелей ұрпағы болып саналатын қазақ, ұйғыр, қырғыз, өзбек, татар, салар, тува, сарыұйғырлар ішінде ұзын саны 12-13 миллиондай халық сол жерлерде тұрып жатқаны белгілі. Сол себепті де өткен ғасырдың басынан бастап қытай ғалымдары түркітануға ден қоя бастады.

Қытайдағы түркітану ең алдымен түркі текті ру-тайпалардың тарихын анықтау және көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеуден басталғанымен, кейінірек, әсіресе соңғы 20-30 жыл ішінде оның зерттеу ауқымы кеңейіп, түркітануға байланысты әр сала мұқият зерттеле бастады. Біз бұл жерде, тек көне түркі жазба ескерткіштерінің Қытайдағы зерттелу жағдайын сөз етпекпіз.

Қытайдағы ғалымдардың зерттеуінше, Шыңжаннан (Шығыс Түркістаннан) табылған ежелгі жазулардың саны бүгінде 26-ға жетіп отыр. Олар *Арами жазу* жүйесіндегі Карошты (Kharosthi) жазуы, Араб жазуы, Парсы жазуы, Қараханидтер жазуы, Шағатай жазуы, Сирия жазуы, Манихей жазуы, Соғды жазуы, Орхон жазуы, Кидан жазуы (Кидан кіші жазуы), Көне ұйғыр жазуы, Монғол жазуы, Тотын монғол жазуы, Манчжур жазуы, Сібе жазуы; *Хуа Шия жүйесіндегі жазулардан*: Қытай жазуы, Батыс Шия жазуы, Кидан үлкен жазуы; *Брахма жүйесіндегі жазулардан*: Брахма жазуы, Санскрит жазуы, Тохар жазуы, Сах жазуы, Тибет жазуы, Басыма

жазуы [1]. Аталған жазулардың кейбірін түркі халықтары өзге жазулардың ықпалында өздерінше түркі тіліне бейімдеп қолданған болса, кейбіреулері бұл жерлерге дін, сауда-саттық және өзге де жолдармен келгені анық.

Көне түркілердің жазу қолданғандығы туралы ең алғашқы тарихи дерек қытайдың VI ғасырдың орта шенінде жазылып қалған “Жоу патшалығы тарихы. Түркілер шежіресі” мен “солтүстік Чи патшалығы тарихы” 20-тарау “Ие Луй Чияңның өмірбаянында” кездеседі. Алдыңғысында “олардың (түркілердің) жазуы Хулардың жазуына ұқсайтын еді” десе, соңғысында “Дай елінде туған Ли Шычың төрт тіл білетін танымал адам болған... Хужу ханы оған будда номдарын түркі тіліне аударуға бұйырды. Және орда хатшысы Ли Дылиңға алғы сөз жаздырып, Түркі қағанына жібергізді” делінген [2]. Бұл оқиға түркілердің Таспар қағаны тұсында (574-576 жылдары) болған. Десе де, бұл дерек бойынша түркілердің VI ғасырда жазу қолданғаны белгілі болғанымен ол жазу түркі руника жазуы ма, әлде соғды жазуы ма ғылымда әлі ортақ пікір жоқ. Кей ғалымдар Монғолиядағы Бұғұттыдан (bugut) табылған соғды жазуы ескерткіштеріне қарап түркілер VI ғасырдың соңында соғды жазуын қолданған, көне түркі руника жазуы одан кейін пайда болды деген пікірлерді ұсынды [3]. Бұның әрине, ғылыми дәлелі әлі жеткіліксіз.

Ал енді көне түркі жазба ескерткіштерін ғылыми тұрғыдан тану және зерттеу жұмысы Қытайда XX ғасырдың 30-40 жылдарынан басталғанымен, қытай деректерінде ескерткіш туралы мәліметтер осыдан он ғасыр бұрын хатқа түскен. Мәселен, “Көне таңнама” мен “Жаңа таңнамада” Күлтегін мен Білгеқаған ескерткіштерінің орнатылғандығы, оған Таң патшалығынан арнайы адам барып қатысқандығы жазылса, осыдан 700 жылдай бұрын XIII ғасырда өмір сүрген ақын Ие Лүйтаудың сол кезде жазған “Құрымды алу” атты өлеңінің түсіндірмесінде Күлтегін ескерткіші туралы айтып, оны өз көзімен көргендігін баяндайды. Сондай-ақ Юан дәуірінде жазылған (1206-1279 жылдар) ақын Чын Ипудың Күлтегін ескерткішіне арналған өлеңі туралы деректер бар (өлеңнің аты “Қарақұрым қаласындағы солтүстік Таң Күлтегін тас ескерткіші”) [4]. Десе де, бұл кездері қытайлық оқымыстылар аталған деректерге онша мән бермеген. Ол туралы тек Чиң патшалығының (1664-1911 жылдар) соңғы жылдары, орыс ғалымы В.В.Радловтың зерттеуі жарық көргеннен кейін ғана көңіл бөле бастаған. Мәселен, 1911 жылы Чиң патшасының Қарақұрымға жіберген ұлығы Сандо онда барған соң, Күлтегін ескерткішін кездестіріп, ескерткіштегі таңба жазулардың көшірмесін қағазға 200 нұсқа қылып бастырып, оны достарына сыйлаған және “Күлтегін ескерткіші” деген атпен сол кездегі “әдебиет-көркемөнер”

журналының 8-нөміріне жариялаған. Осыдан кейін, Күлтегін ескерткішінің екінші бетіндегі қытайша жазудан ескерткіштің мазмұнын түсінген қытай ғалымдары оны зерттеуге кіріскен. 1929 жылы “Жуңшан университеті тіл-тарих институтының апталық журналының” 100-нөмірінде Хуаң Жоңгының “Күлтегін ескерткіші” деген мақаласы жарық көрген. Бұл мақаласында ол бірінші рет ескерткіштің қытайша тексін жариялаған. 1930 жылы осы журналдың 120-нөмірінде “Тағы да Күлтегін ескерткіші” деген мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ, 1933 жылы Хыби бірінші мұражайының жарты айлық журналының 40, 43-нөмірлерінде “Таң дәуіріндегі Білгеқаған ескерткіші” және “Таң дәуіріндегі Күлтегін ескерткіші” деген екі бірдей мақала жазып, ескерткіштің қытайша мәтініне түсініктеме берді. Осыған жалғас 1934 жылы Юэ Жияшиау аталған айлық журналдың 40-59 нөмірлерінде “Қарақұрымдағы Таң дәуірінің үш ескерткіші” деген көлемді мақала жариялап, Күлтегін, Білгеқаған ескерткіштерінің қойылған уақыты, мәтін мазмұны, сақталу жағдайына тоқталған. Осылайша 1934 жылға дейін ескерткішке байланысты мақалалар, негізінен осы ескерткіштерді жұртқа таныстыру, ондағы қытайша мәтіндерге талдау жасаумен ғана шектелген. Түркі жазба ескерткіштерін түрікше мәтіннен тікелей аударып, түсініктеме беру 1935-1936 жылдары Хан Рулиннен (Han Rulin) басталды. Профессор Хан Рулин “Бэйпиң” (Пекин) мемлекеттік зерттеу академиясының хабаршысы журналының VI томының 6-нөмірінде және “Юй Гуң” (Yu gong) журналының VI томының 6,7-нөмірлерінде “Түрікше Күлтегін ескерткішінің аудармасы мен оған түсіндірме”, “Түрікше Тоныкөк ескерткішінің аудармасы” деген мақалалар жариялады [5]. Сонымен бірге Уаң Жиңридың “Түрікше ұйғырдың батыр Білге қағаны ескерткішінің аудармасы және ол туралы түсіндірме”, Чын Жуңмиянның “Түрікше Білге қаған ескерткіші”, “Турпан ағаш ойма жазулары туралы түсіндірме” және “Түркі тарихы” атты еңбектері жарық көрді.

Қытай түркологтары көне түркі жазба ескерткіш мұраларын жалпылай зерттегенімен, оның ішінде Турфан мен Дунхуаңнан табылған көне ұйғыр жазуымен жазылған мұраларды зерттеу жағында басымдылық танытып келеді. Десе де, көне түркі руника, араб т.б. жазуымен жазылған ескерткіштерді зерттеу жұмысы да 70-жылдардың соңынан ала өзіндік қарқын ала бастады. Олардың ішінде басты еңбектер: Гың Шыминнің “Көне түркі ескерткіштерінің мәтіні” оқулығымен бірге “Ежелгі тілдік мұралардың Шыңжаннан табылуы және зерттелуі” (1979), “Көне түркі ескерткіш мұралары туралы” (1980), “Көне түркілердің басты жазба мұралары және олардың оқылуы мен зерттелуі жайы” (1980),

атты еңбектері Абдукерім Қожа, Тұрсын Аюптардың “Көне ұйғыр жазба ескерткіштері” (1984), Құрбан Уәлидің “Т<sup>1</sup>/<sub>2</sub>рпанда табылған V ғасырдағы көне түркі жазулы ағаш ойма” (1981), Қаһар Бараттың “Терхин ескерткіші туралы зерттеу” (1982), Ли Жиңвыйдың “Түрікше руна жазулы ескерткіш” (1982), Чың Зоңжыңның “Түркі тілі және түркі ескерткіштері” (1981), Линганның “Көне түркі ескерткіштері туралы” (1983), Құрбан Уәлидің “Біздің тарихи жазуларымыз” (мақалалар жинағы, 1986), Вый Сүйи, Чың Зоңжындардың “Көне түркі тілі ескерткіштерінің грамматикасы” (1979), “Көне түркі тілі ескерткіштерінің лексикасы” (1980), Ниу Ружидің “Көне ұйғыр жазуы ескерткіштері” (1979), Жаң Тешанның “Ырық бітігң туралы зерттеуі”, Ян Фусюенің “Тес құлыптасы туралы”, Ли Зыңшаң, Материм, Жаң Тешан қатарлылар құрастырып жазған “Көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштердің тілі” (1999), Гың Шымин, Абдурешит Якуптар жазып құрастырған “Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі туралы” (1999) т.б. зерттеулерді атауға болады. Бұдан басқа “Түркі тілдер сөздігі”, “Оғыз қаған жыры”, Жүсіп Баласағұнның “Құдатқу білігі” т.б. көне мұраларды зерттеуге арналған жүздеген ғылыми мақала ұйғыр және қытай тілдерінде, кейбірі қазақ тілінде жарық көрді және аталған тарихи мұралар сол тілдерде аударылып, баспадан шықты. Мәселен: “Құдатқу білігінің” қытай тіліндегі аудармасы Гың Шымин, Вый Сүйилердің зерттеп аударуымен 1979 жылы Үрімжідегі Халық баспасынан жарық көрсе, қытай тіліндегісі Гуан жоң, Жаң Хоңиау қатарлардың аударуымен, 1984 жылы Пекинде баспадан шықты. “Оғыз қағанның” қытай тіліндегі аудармасы мен түсіндірмесін профессор Гың Шымин жасап, 1980 жылы Халық баспасынан, ал ұйғырша аудармасы мен қазақша аудармасын Гын Шымин, Т<sup>1</sup>/<sub>2</sub>рсын Аюп және Гың Шымин, Мәкен Ілекенұлы жағынан аударылып 1980 және 1986 жылдары Пекиндегі ұлттар баспасынан жарық көрді. Ахмет Югнекидің “Хибат ал-хақайқ” (Ақиқаттың таралуы) еңбегін профессор Вый Сүйи қытай тіліне аударып 1981 жылы Үрімжіде баспадан шығарса, ұйғыр тіліне Хамит Темір, Т<sup>1</sup>/<sub>2</sub>рсын Аюптар аударып, 1980 жылы Пекиннен шығарды, сондай-ақ М.Қашқаридың “Түркі тілдері сөздігінің” ұйғыр тіліндегі басылымы 3 том болып 1981-1984 жылдары Үрімжіде Халық баспасынан жарық көрсе, қазір қытай тілінде аударылуда. Сонымен бірге сөздіктің өзін және ондағы тілдік мұраларды қазіргі ұйғыр, қазақ, қырғыз т.б. түркі тілдеріне салыстырып зерттеген жүздеген ғылыми мақалалар жарық көрді. Өкініштісі, Қытай түркологтарының көбісі өз зерттеулерінде аталған тарихи шығармалардың кейбірін зерттеу тақырыптары айтып тұрғандай, оларды бүгінгі Шыңжаң жеріндегі ұйғыр ұлтының тарихи мұрасы деп қарап, осы арқылы оны қытай

елінің тарихи мәдени мұрасы ретінде қарастыру керектігін дәріптеді. Мысалы: Ху Жынхуа мен Гың Шыминнің “ұйғырдың классикалық жыры Құдатқу білігі” (1963); Вый Сүйидің “ұйғырдың әйгілі классикалық әдебиет үлгісі Құдатқу білігі” (1982); Гың Шы Миннің “Ұйғырдың тарихи жыры оғыз қаған туралы” (1979), т.б. Алайда олар өз зерттеулерінде тарихи мұралардың басқа да жақтары туралы құнды пікірлер айтты.

Түркі, Алтай тілдерін зерттеуде XV-XVIII ғасырларда жазылған түркі мен қытай, сонымен бірге монғол, манжур т.б. тілдер салыстырылып берілген сөздіктерді зерттеудің де маңызы зор. Мәселен, “Идыкут сөздігінің” (Gao chang guan za ze және бір аты Gao chang guan wen lai), алдыңғы нұсқасы 1403-1424 жылы, толық нұсқасы 1465-1566 жылдары кітап болып шыққан. Сөздікте қытай тілі мен көне ұйғыр тілінен екі мыңнан артық сөз салыстырылып, түркі сөздері қытай иероглифімен транскрипцияланып берілген. Онда сөздік мәтінінен басқа да түркі халықтардың тарихына қатысты құжаттар кезігеді. Сол сияқты түркілердің тіліне қатысты тағы бір сөздік 1795 жылы Чиң дәуірінде патша жарлығымен жасалған “Бес тілді Манчжурша сөздік” (Wu ti qing wen jian). Сөздікте 18000-нан астам сөз қамтылған. Сөздер манжур, тибет, моңғол, ұйғыр, қытай – бес тілде берілген. Ұйғырша сөздердің тұсына манжур жазуымен транскрипциясы жазылған. Осы тектес еңбектің тағы біреуі 1763 жылы Чин патшасының жарлығымен О Рухың қатарлары жазған “Батыс өңіріндегі ұқсас тілді халықтар баяны” (Xi yu tong wen zhi) болып, онда манжур, монғол, тибет, тотын-монғол, ұйғыр, қытай жиыны алты ұлттың тілінде Орта Азия, оның ішінде Шығыс Түркістанның (Шыңжаң өлкесінің) да географиялық атаулары, ондағы халықтар адам, лауазым, ру-тайпа аттары аталған тілдерде салыстырылып берілген және әрқайсысы атаулардың этимологиясы қытай тілінде түсіндірілген.

Бүгінде Қытайдың 5000 жылдық тарихы, баяндалған “24 тарих” деген қытайдың әрбір патшалықтары тұсында жазылған солар туралы ресми және биресми деректер бар екені белгілі. Әсіресе, ол мұрағаттардағы сонау Ғұн заманынан бастап хатқа түскен түркілік ономастикалық атаулармен бірге басқа да тілдік деректердің тарих ғылымы үшін ғана емес, жалпы түркі тілдерінің ежелгі дәуірін анықтауды да ерекше маңызға ие екенін естен шығаруға болмайды. Мәселен, Тарихнама мен Ханнамадағы дыбысталуы мен мағынасы түркі тіліне сәйкес тәңірі, құт, ажа (әжә), қыз, түмен, шүлен, торпақ, чыңрақ (қылыштың бір түрі), сүт, отар (не орда), бөрі, құлан, сүг (әскер), тұт (ұстау) т.б. ғұн сөздері мен Жин патшалығы тарихындағы ғұндардан қалған бір

сөйлем сөз бұдан екі мың жылдай бұрын хатқа түсірілгендігі белгілі [6]. Міне, осындай кезінде Қытай иероглифтерімен транскрипцияланып хатқа түскен түркілік ономастикалық атаулар мен тілдік материалдарды реконструкциялау жағында да қытай ғалымдары қыруар жұмыстар істеп, біраз нәтижелерге жеткенін атап өтуіміз керек. Ал мұның өзі түркі тілдерінің тарихын кең ауқымда қарап, қазіргіден де арғы дәуірге бара отырып, тың зерттеулер жүргізуге мүмкіндік ашары сөзсіз.

Қорыта келгенде, жалпы әлем түркологиясын зерттеу тұрғысынан қарағанда, Қытай түркологиясының өзіндік ерекшелігі бар. Кенжелеп барып даму жолына түскенімен соңғы кездегі қарқыны тез. Зерттеуші ғалымдардың зерттеу мүмкіндігі, әдістері мен мақсатына байланысты кей тұстарда да белгілі көзқарас-пікір үстінде өзге ел түркологтарымен пікір алшақтығы да сезіледі. Десе де, Қытайдағы ғалымдар түркітану саласында қыруар жұмыстар атқарып, көптеген құнды еңбектермен жалпы түркология ғылымына үлкен үлес қосқаны анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құрбан Уәли. Біздің тарихи жазуларымыз. Үрімші, 1986, 105-151-б.б.
2. Жоу патшалығы тарихы. Түркілер шежіресі, Солтүстік Чи патшалығы тарихы 20-тарау Ие Лүй Чияңның өмірбаяны // Шиау Жоңи. Шыңжаңдағы тілдер мен жазулар. Үрімші, 1997, 15-бет (қытайша).
3. Гың Шымин. Көне жазба ескерткіштері туралы // Түркілер мен ұйғырлардың тарихына байланысты ғылыми мақалалар жинағы. I том. Жуңхуа баспасы. 1987, 572-бет (қытайша).
4. Уаң Юан шиң. Қытай ұлттары тіл ғылымының тарихы. Пекин, Орталық Ұлттар университеті баспасы. 1993, 290-бет (қытайша).
5. Сонда, 290-292-бб.
6. Қайрат Ғабитханұлы. Ғұн тілі // ҰҒА Хабаршысы. Тіл, әдебиет сериясы 2001, N2, 3-13 бб.